


## **О.Әлібаев атындағы ЖББМ базасындағы өлкетану мұражайы.**

Мектептегі өлкетану мұражайының негізгі мақсаты – оқушыларға туған жерінің тарихын, мәдениетін және табиғатын таныстыру арқылы олардың елге деген сүйіспеншілігін арттыру.

Толығырақ айтқанда, мұражайдың мақсаттары:

- \* Туған өлкенің тарихи мұрасын сақтау және насихаттау;
- \* Оқушыларға патриоттық тәрбие беру;
- \* Жергілікті халықтың салт-дәстүрі мен мәдениетін таныстыру;
- \* Ізденіс, зерттеу жұмыстарына қызығушылық қалыптастыру;
- \* Өткен мен бүгінді байланыстыра отырып, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу.

### **Мұражай қызметінің бағыттары:**



Ғылыми-зерттеу жұмыстары және мәліметтер, деректер жинау, ғылыми түрде жүйелеу, арасында сақталып қалған жәдігерлерді жинастыру, алу, арнайы тақырыптық іс-шаралар жүргізу негізінде жұмыс жасайды.

Мұражайды рухани, мәдени құжат орталыққа айналдыра отырып, заттық оқушылардың патриоттық рухын оларды ояту, тарихи жәдігерлерді сақтау, халық құрметтеуін қалыптастыру бағытында қызмет етеді оларды есепке алу, арнайы тақырыптық іс-шаралар жүргізу негізінде жұмыс жасайды.

## **О.Әлібаев атындағы ЖББМ базасындағы өлкетану мұражайының мақсаты:**

- «Мәңгілік ел» ұлттық идеясындағы жалпыұлттық құндылықтарын оқушы бойына дарыту;
- мұражай қорымен танысу, толықтыру жұмыстарын ұйымдастыру,
- оқушылардың қоғамдық белсенділігін, танымдық қызығушылығын артыру;
- қала мұражайларымен әлеуметтік серіктестік, сонымен қатар оқытушының берген жеке тапсырмаларын орындап үйренуге баулу;
- мұражай ісі бойынша кәсіптік білім беруге тәрбиелеу;
- ұстаздар, ата-аналар, оқушылар бірлесіп мұражай қорын толықтыруға жұмыстар ұйымдастыру;
- отбасы, мектеп, шағын аудан, қала, өлке тарихына қатысты материалдарды жинақтау, жүйелеу, кіріктіру.

## **Мұражай кеңесінің қызметі:**

- Мұражай кеңесі мұражайдың тақырыптық жоспарын бекітіп, негізгі бағыттарын айқындайды.
- Экспозициялардың тақырыбын, құрылымын белгілейді.
- Мұражай кеңесінің төрағасы мектеп директоры болып табылады.
- Мұражай кеңесінің мүшелері мектеп директорының бұйрығымен бекітіледі, толықтырылады.
- Мұражай жұмысының қорытынды есебі Мұражай кеңесі отырысында бекітіледі.

## **Мұражай қызметкерінің міндеттері:**

Тақырыптық жоспар жасау, заттық айғақтық дүниелер жинау, жәдігерлердің аталуын ғылыми түрде анықтап жазу, мұражай құжатын жүйелі жүргізу, тарихи-мәдени орындарға саяхаттар, экспедициялар ұйымдастыру және оны құжат түрінде жинақтап отыру.

## **Мұражай жұмысы туралы ақпарат:**

Мектеп өлкетану мұражайының жұмысы жүйелі түрде ұйымдастырылып, білім беру үдерісімен тығыз байланыста жүзеге асырылуда. Мұражай қызметі тарих пәнінің мұғалімі Оспан Айбектің бастамасымен қолға алынып, қазіргі таңда зейнеткер ұстаз Қиғамбекова Мәкиланың қолдауымен өз жалғасын табуда.

Аталған мұражайдың негізгі қызметі – оқушыларға туған өлкенің тарихи-мәдени мұрасын таныстыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу болып табылады. Мұражай қорын толықтыру, экспонаттарды жинақтау, оларды жүйелеу және насихаттау жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде.

Сонымен қатар, мұражай базасында танымдық экскурсиялар, тәрбие сағаттары, ғылыми-зерттеу бағытындағы жобалар мен түрлі мәдени іс-шаралар ұйымдастырылады. Бұл жұмыстар оқушылардың өлкетану бағытындағы білімдерін тереңдетіп қана қоймай, олардың ізденімпаздық қабілеттерін дамытуға, тарихи санасын қалыптастыруға оң ықпал етеді.

Осылайша, мектеп мұражайы – білім мен тәрбиені ұштастыратын, өткен мен бүгінді байланыстыратын маңызды рухани-мәдени орталық ретінде өз қызметін табысты атқарып келеді.

### **Атқарылған жұмыстар:**

1) Тарихшы мұғалімдер мен оқушылардан (9-11 сынып) кеңесі құрылды. Төмендегі бағыттар бойынша жұмыстарды жүргізілуін алға қойды:

- Тарихтағы тұлғалар тағылымы
- Арқаның киелі жерлері
- Тарихи өлкетану және туған жерге тағзым

2) Аудан және облыс мектептерінің мұғалімдеріне аталған бағыттар бойынша Толағай елінің, жерінің, оның ішінде толық зерттелмеген, еңбегі сіңген ұстаздар мен спортшылар, еңбек қайраткерлері, елдімекендер туралы ғылыми жұмыстарын зерттеу тапсырылды. Осыған байланысты мақалалар жазылып, оқушылармен бірлесе ғылыми жұмыстар қорғалды.

3) Осы қорғалған ғылыми жұмыстар “Рухани жаңғыру: тарих және тұлға тағылымы” атты жинаққа енді.

### **Мұражай 6 бөлімнен тұрады:**

1. Мектеп тарихы
2. Алғашқы ұстаздар
3. Отан үшін от кешкендер
4. Ғалымдар
5. Еңбек ардагерлері
6. Еліміздің мақтаныштары

## Мұражайдың ішкі көрінісі

